

«Ақтөбе облысының білім басқармасы
Мәртоқ ауданының білім болімі» ММ



Вариативтік бағдарлама «Ғажайып ертегілер»

(жүзеге асыру мерзімі 2024-2027жж.)
Зере ортанғы тобы (3 жастан бастап)

Әзірлеуші: Д.М.Каукаева

Құрастырган: Жунусова Н.Р. Каукаева Д.М.

ЖШС «Аслан-Али» «Еркемай» мектепке дейінгі үйымының педагогикалық кеңесі
отырысында «Гажайып ертегілер» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1

«29 » тамыз 2024ж

ЖШС «Аслан-Али» «Еркемай» балабақшасының менгерушісі: Н.Р.Жунусова

Аудандық сараптау комиссиясының отырысында «Ертегілер елінде» бағдарламасы талқыланды.



«29 » 09 2024ж

Мәртөк аудандық білім бөлімінің сараптама төрайымы С.Х.Балмагамбетова

ПІКІР

«Ғажайып ертегілер» бағдарламасы қазіргі тұрақты өзгеріп тұрган әлемде мектепке дейінгі жастағы балалар үшін тәрбиелік мәні зор.

Бағдарлама балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында құрылған. Бағдарлама мазмұны балаларға театр қойылымдарын тез ұғынуларына бағытталған. Сатылып күрделенуіне байланысты балаларды сақналық қойылымға дағдыландыру көзделген.

Бағдарлама балалардың шығармашылық, актерлік, есте сақтау, назар аудару қабілеттерін қалыптастыру мақсатында жинақталған. Эстетикалық талғамдарын арттыруға, ұжымдық қатынаста жауапкершілікке тәрбиелеуге, балалардың көркем өнер қабілеттерін, икемділіктерін, театр өнеріндегі әр түрлі рольдерді ойнай білу машиқтарын қалыптастыруға бағытталған.

Театр – бұл сиқырлы әлем, бала ойнай отырып қоршаған ортаны таниды. Театрлық ойын шығармашылығы балалардың бір-біріне мәдени қарым-қатынастарын нығайтады, әр түрлі жанрмен, кейіпкерлермен таныстырады, ұлттық дәстүрде дамытады. Қазақ және басқа да халықтардың ертегілері мен әдеби шығармаларының мазмұны арқылы адамдардың жеке қасиеттерін, жан-жануарлардың және құстардың қылыштарының ерекшеліктерін бағалауға, сақналауға үйренеді. Сондай-ақ саҳнада жүру, тұру, сөйлеу, өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелейді. Жағымды, жағымсыз әрекетерді ажырата білуге үйреніп өзі жаман әдеттен аулақ болуга тырысады. Демек, өзі актер, өзі көрermen ролін атқарған бала «болашақта кім болам?» деген сауалға да жауап табады десек қателеспейміз.

Бағдарлама ұйымдастырылған ойын әрекеті арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар бұл бағдарлама – мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылығын ұйымдастыра отырып, болашақ кішкентай бұлдіршіндерді тілге шешен, өзін де, өзгені де сыйлай біletін, жан-жақты мәдениетті, білікті етіп тәрбиелеуде балаларға арналған көркем шығармаларды сақналық қойылымға айналдырып, өздерінің кейіпкер ретінде қалыптастырып отырудың маңызы зор.

Пікір беруші: Мәртөк ауданының білім болімінің әдіскері М.А. Шауменова

Түсінік хат

Педагогика және психология саласында тұлға және шығармашылық арасындағы байланыс көп талқыланады. Баланың дамуындағы алға қойылатын іс-әрекеттің бірі- ойын. Дамытушы және тәрбиелейтін ойындар өздігінен және еркін түрде іске асырылуы керек. Балалардың қызығып ойнайтын ойындарының бірі-театрлық ойындар. Театр ерекше, сиқырлы әлем.

Н.Ф Сорокинаның «Театр-шығармашылық-балалар» жинағы негізінде «Фажайып ертегілер» бағдарламасы құрылған.

Бағдарламаның мақсаты: мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылығын театралдық көрінісі, сахналуа, ойын арқылы дамыту.

Бағдарлама келесі мәселелерді шешеді:

- 1.Балаларды кейіпкердің рөлін ойнауға, оның іс-қимылдарын көрсете білуге үйрету.
- 2.Балалардың театр мәдениеті туралы білімдерін толықтыру.
- 3.Театрга қызығушылығын жоғарлату.

Театрдың бірнеше түрлерімен балаларды таныстырамыз, атап айтсақ: көлеңке-театры, саусақ-театры, құышақ театры, сахналуа, үстел үсті театры және фланеграф театры. Балабақшада театр балаларды көркем өнерге баулиды, шығармашылық икемділіктерін дамытады, театралдық өнерге қызығушылығын оятады, театралдық көрініс арқылы балалардың білімін, сөз байлығын, өнерге деген құштарлығын, ой-өрісін кеңейтіп, дамытады.

Сонмен бірге, театралдық ойындар мен ертегілерді ұштастыру арқылы балалардың мәнерлеп сөйлеуін, сахналық қабілетін қалыптастырады. Балабақшадағы барлық оқу іс-әрекеті театрмен байланыстырылып өткізілуі тиіс. Бағдарламаны жүзеге асыру үшін арнайы жабдықталған театр бұрыштары, сахна, құышақтар, кейіпкерлердің киімдері болу қажет.

Бұл бағдарламаның итікесі:

Балалардың театр мәдениеті туралы, театр мамандары туралы түсініктерін кеңейту, театр түрлерімен таныстыру, өз бетімен өздері білетін ертегілерді сахналау, кейіпкерлердің қымыл –қозгалыстарын, мінездерін сала білуге үйрету. Сахналау іс-әрекеті кезінде балалардың тіл байлығы дауыс ыргагы дамиды, сонымен қатар оның сөйлеуге қалыптастырады, жаңылтпаштарды, жумбақтарды есте сақтауға үйретеді. Сонымен қатар, балалар ертегілерден санауга, логикалық ойлауға, қызықты есептерді шыгаруға жазықтықтағы

және кеңістікті бағдарлау, пішіндерді айруға дағыланады. Қойылатын көрініске байланысты балалар көрмедегі суреттер арқылы кейіпкерлермен танысып, әр түрлі арнайы құрал жабдықтарды пайдаланып, сахналық кейіпкерлерді, табиғатты бейнелейді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды театр іс-әрекетін басқа салалармен байланыстыру арқылы еліміздің болашағы – білімді өнерлі, мәдениетті балаларды тәрбиелеу.

Берілген бағдарламаны қолдануда әрбір педагог өз жұмысына шығармашылық жолмен кірісе отырып, балаларды мәдениетті дағдысына қалыптастырады.

«Ғажайып ертегілер» бағдарламасы ортаңғы тобында аптасына 1 сағат вариативтік бөлім есебінде өткізіледі, барлығы 36 сағат, ұзақтығы 20-25 минут.

Тақырыптық жоспар

Р/Н	Тақырыбы	Сағат саны
1	Ерте, ерте, ертеде...	1
2	Біздің сүйікті бөлмеміз, бізді қуана қарсы алады.	1
3	«Бауырсақ» ертегісі.	1
4	«Бауырсақ» ертегісі.	1
5	«Бауырсақ» ертегісі. қуыршақ театры	1
6	«Кұстың ұясы».	1
7	Сүйікті ертегімізді әңгімелейік.	1
8	«Маша мен аю».	1
9	«Саңырауқұлақтың саясы». қуыршақ театры	1
10	Шалқан	1
11	«Шалқан» ертегісі. саханалау	1
12	«Екі лақ»	1
13	«Тұлқі мен бөдене». саханалау	1
14	«Шұбар тауық» ертегісі	1
15	«Шұбар тауық» ертегісі. саханалау	1
16	«Жақсы достар». ертегісі	1
17	Ертегілер еліне саяхат	1
18	«Қызыл телпек».	1
19	«Қызыл телпек» ертегісі . диолог	1
20	«Қызыл телпек» ертегісі. саханалау	1
21	«Мақта қыз бен мысық» ертегісі. Ы.Алтынсарин	1
22	«Мақта қыз бен мысық» ертегісі. саханалау	1

23	«Мақта қыз бен мысық» ертегісі. Саханалау	1
24	«Қарлығаш пен дәуіт»	1
25	«Қарлығаш пен дәуіт». Саханалау	1
26	«Көкөністер дауы».	1
27	«Көкөністер дауы». Саханалау	1
28	«Қасқыр мен жеті лақ»	1
29	«Қасқыр мен жеті лақ».	1
30	«Жеті лақ».	1
31	«Жеті лақ». Саханалау	1
32	Ойын жаттығулар	1
33	Кім біледі қай ертегіден? Ойын	1
34	«Қоян мен кірпі»	1
35	«Тұлкі мен жолбарыс».	1
36	«Ертегі еліне саяхат»	1
	Барлығы	36

Ортағы топ

№	Тақырыбы	Бағдарламалық мазмұны	Корискі құрал	Әдіс тәсілі	
1	Ерте ерте ертеде..	Балалардың ертегілер мен ақыздар туралы түсініктерін көзейтіп, айырмашылығын ажыраты білуге үйрету. Сөздік қорларын молайтуға, өз ойларын нақты жеткізіп, назар аудару. Ертегіге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	Баспа кошірме театр туралы. Суретті кітапша	Түсіндіру, корсету,баспа кошірмесін теледидар арқылы корсету.	1
2	Біздің сүйікті бөлмеміз,бізді қуана қарсы алады.	Жаңа үлгіге сезімдерін қалыптастыру. Өзара достық карым қатынасты нығайту. Бала бақша өміріндегі әдептілік ережелері туралы түсінік беру, ережелерді орындаі білуге тәрбиелеу.	Баспа кошірмесі. «Ана» әнін тыңдау. Дүйсекеева К.М.Сариев	Өлең сөзін жаттау,әуенге қосылып айтқызу. 186.Қ.Х	1
3	Бауырсақ ертегісі	Балаларға «Бауырсақ» ертегісін оқып түсіндіру. Ертегіні басынан аяғына дейін ынталмен қызыға тыңдауға үйрету. Ертегі кейіпкерлерін жеке жеке дарапат түсіндіре отырып, балалардың қабілетіне қарай рольдерге бөлу.	Аттибултар, ертегі кітапшасы	Ертегіні оқып беру,кейіпкерл ерімен таныстыру,рол ығе бөліп ойнату.	2
4	Саханалау: «Бауырсақ ертегісі»	Ертегінің мазмұнын кейіпкерлердің бейнесін дұрыс ұғынуға үйрету. Оқиға желісін бұзбай эмоциялық сезіммен қабылдауға деген күштарлығын арттыру. Әр бала өзіне берілген рольді дұрыс ойнауға және әндерін нақышына келтіріп айтуға үйрету. Балалардың таетрлық ойындар өнеріне қатысуға қызыгуышылығын арттыру.	Ертегі атрибултары.Д.о «Қай пішінге үқсайды». Д.о «Ббауырсаққа көмектес үйіне етіп кетуге»	Жаттаған өлеңдерін саханалау барысында қолданып айту. Баспа кошірмесін тыңдау арқылы қуыршақ театры арқылы.	2
5	Куыршақ театры. «Бауырсақ	Балалардың таныс ертегісін естеріне түсіре отырып, қызыгуышылық сезімдерін тұгузыу. Саусақ театры арқылы кейіпкерлердің дауыс	Куыршақтар. Д.о «Қайсысы бірінші кездеседі» .	Ертегіні саханалау. Әуенді сергіту сәтке қосылып бірге қимыл	2

	ертегісі»	ерекшіліктерін айыра отырып, музикалық екпінін келтіре білуге үйрету.		жасау.	
6	«Құстың ұясы».	«Құстың ұясы» әңгіменен танысу. Сөздерін жаттау арқылы есте сақтау қабілеттеріндамыту. Әңгіменің магынасын толық түсіндіре отырып, сұрақ жауап арқылы айтылатын әңгімені сезіне білу.	Сурет-ата, бала, ұя. Схема суреті.	Ойыншықтарды қолдана отырып қарапайым әңгіме құру. Сұраққа жауап беру. Не деп айтты атасы?- балалар ой пікірі.	2
7	«Сүйікті ертегімізді әңгімелейік»	Бабаларга әрбір адамның өз жеке қызығушылығы мен өз ойларын қалыптастыру. Балалардың ойлау қабілетін арттыру. Ертегіні түсіне білуге үйрету.	«Ертегілер әлемі» А.Қалаубаева. Дыбыстық баспа көшірмесі. Д.о «Қай ертегі».	Дыбыстық баспа көшірмесін тындау, таныс ертегілердің атын айту. Қимылды әуенде қозғалыс жаттыгулары топпен.	2
8	«Саңырауқұл ақтың саясы» ертегі	Балалардың ертегінің мазмұнымен таныстыру. Жағымды жағымсыз кейіпкерлерді ажыратада білуге үйрету. Әрбір үйренген әндер, өлеңдер арқылы адамгершілікке тәрбиелеу. Табиғатты аялау, қорғай білуге үйрету.	Сюжетті суреттер жинағы. Ертегі кітапшасы	Ертегіні оқып беру. Сұраққа жауап беру. Атрибут арқылы жаттықтыру. Өлең «Кәне достар» бірігіп айту.	2
9	Куыршақ театры «Саңырау құлақтың саясы»	Ертегіні үстел үсті театры арқылы орындаі білуге үйрету. Үл арқылы баланың ақыл ой білімі күшейеді. Сөздерін жаттау арқылы тіл байлығы молайды. Қөрініс арқылы балалармен жұмыс ұжымдық карым-қатынасқа түсу. Адамгершілікке, сыйластыққа, бауырмашылыққа тәрбиелеу.	Ойыншықтар-күмырсқа, көбе лек, торғай, бақа, қоян. Ойын «Қай ертегіден?»	Саханалау, тәрбиешінің көмегінсіз, дауыс ыргагын келтіру. Конақ келсе есікке, Жүгіріп шық кешікпе. Қарсы алмаса қонақты,	2

				Кесір болар ненікте. – Балаларға жаттау.	
10	«Жыл басына таласқан жануарлар» ертегісі.	Халқымыздың жыл қайтаруына байланысты шыңқан аңыз ертегісімен танысу, түсіндіру. Ертегідегі әр жеке-жеке магұлымат беру. Сол арқылы халқымыздың төрт түлік малы туралы түсініктерін молайту. Жан жануарларға, хайуанаттарға деген қамқорлықпен, аяушылық сезімімен қарауга тәрбиелу.	Ертегі кітабы. Атрибуттар. Д.о «Төлін тап». Д.о «Топтастыр»	Дыбыстық баспа көшірме тындау. Өуенде кимылды ойын «Бұғы» жаттату жаттықтыру.	3
11	Саханалау «Жыл басына таласқан жануарлар»	Аңыз –ертегіні толық менгеріп, ата-аналарға саханалық қойылым түрде көрсету арқылы баланың өзіне деген сенімділік қасиеті күшиеді, садақтау арқылы баланы болашаққа алға үмтүлуға жетелеу. Өзіне, жолдастарына сый-құрметпен қарауга тәрбиелу.	Қуыршақ кейіпкерлері. Диск-«Көңілді әуен»	Төлдер туралы тақпақ оқып беру. Өлең айтқызу «Біздер де бар куыршақ». «Сезуар» әуеніне бірігіп қосылып билеу.	2
12	«Тұлкі мен бәдене» ертегісімен танысу	Балаларға ертегінің мазмұнын түсіндіру. Кейіпкерлердің бейнесін дұрыс ұсынуға үйрету. Ертегідегі оқиға желісін бұзбай, эмоциялық сезіммен қабылдауға дағдыландыру. Кейіпкерлердің өзара іс-әрекеттерін байланыстырып айта білуге үйрету.	Ертегі туралы суретті кітапша. Д.о «Қандай өзгеріс?», Д.о «Не артық?», саусақ қуыршактары	Баспа көшірмесін тындау, суретіне қаратып әңгімелету. Берілген сұраққа толық жауап беруге жаттықтыру.	2
14	Куыршақ театры «Тұлкі мен бәдене»	Балаларға таныс ертегіні қуыршақ театры арқылы ойнауга болатынын айтып қызыгуышылықтарын арттыру, әртістік қабілеттерін одан әрі жетілдіру. Ертегі мазмұнын айта отырып, қимыл – қозгалысын дұрыс ойнауын қадагалау. Берілген рольді өз	Кейіпкерлер – Тұлкі, бәдене, саусақ қуыршактары, баспа көшірме, суреттер.	«Олі табиғат пен Ролығе ойнату, ыргагын келтіріп айту, дұрыс ойнауга қадагалау. «Сезуар» әуенінің	2

		нақышымен ойнау.		тыңдау, косылып қымыл жасау.	
	«Шұбар тауық» ертегесі	Қуыршақ театры арқылы балаларды өртегін басынан аяғына дейін зейін қойып тыңдай білуге үйрету. Сөздік корын байыту. Шыгармашылық құлшыныстарын арттыру.	Стол үсті театр. Кітапша Д.о «Бірдей тауықты тап», «Жұмыртқадан не дайындауга болады?»	Оқып беру, толық сұраққа жауап беру. Ойын ойнату. Сөздерді жаттау.	2
15	Саханалау. «Шұбар тауық» ертегесі	Баланы ертегі мазмұнын естеріне түсіріп. Сұраққа жауап бере білуін қадағалау. Ертегі кейіпкерлерінің киімдерін көрсете отырып осы ертегіні ойнайтындығын айту, қызықтыру. Кейіпкерлердің дауыс екпінін, ырғағын, қымыл-қозғалысын нақты сала білуге үйрету.	Кітапша, театр киімі, Д.о «Суретті салыстыр» айырмашылығын тап. Үнтаспа	Ертегіні саханалау. Қайтарма сөздерді жатқа айту.	2
16	«Жақсы достар» ертегесі	Балаларға кімдер қонаққа келгенін, оларды қалай қарсы алуын, қоштасуын үйрету. Мейірімділікке, бауырмалдылыққа баулу.	Ертегі кейіпкерлері. Д.о «Қай ертегіден»	«Кәне достар» өлеңін айтқызу. Қимылды әуен ойынын ойнату	2
17	«Ертегілер еліне саяхат» театралды қойылымдар	Театралдық ойындар саханалау. Білім дағдыларын бекіте отырып, үйренген ертегі, азыз-өлеңдер, әндерін ата-аналар алдында көрсету. Өз өнерлерін, жеткен жетістіктері туралы мақтанышпен айта отырып қортындылау.	Д/о: «Жәндіктер немен қоректе-неді?»	«Пайдалы және зианды жәндіктер туралы» суретті кітапшалар.	1
18	«Біз қуыршақ театрының әртістеріміз»	Жыл бойы үйренген қуыршақ театрлары түрлерінен ұтымды шыққандарын іріктеп, көрсетуге дайындау. Рольдерді бөлісуде түсінушлік танытып, бір-біріне көмекке келе білуге үйрету. Өз тобындағы балаларға әсерлі көңіл-күй сыйлауда өздері қуаныш сезімге боленуге баулу.	Д/о: «Нени көрсетем соның қымылын көрсет?»	Өзіме ұнаган кейіпкердің суретін саламын (көрме дайындау)	1

19	«Қарлыгаш пен дәүіт» колеңке театры	Ертеғіні үн таспадан тыңдау арқылы балалардың ой-қиялын жетілдіру, шығармашылық қабілетін шыңдау. Ертеғіні колеңке театры арқылы қою.	Үн таспа, күстардың суреті, ертеғі кейіпкерлерінің атрибуттары. Д/о: «Қиылған суреттер»	Колеңке театры	2
20	Ойын сабактар	Балаларды қозғалыстардың, дene қымылдарының, ымдаудың мәнерлілігіне жаттықтыру. Атқарушылық қабілеттіліктерді дамыту.	Жұмбақтар, саусақтық гимнастика, жаттығулар.	Театр түрлері бойынша қорытынды сабактар.	1
		Барлығы:			36